

Әдебиеттер:

1. Интерактивные методы обучения // www.golubka.org/materials/
2. Мынбаева А.К., Садвокасова З.М.. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: учебное пособие. – 4-ші баспа, қосымша. – Алматы, 2010. – 344 б.
3. Педагогика и психология высшей школы М.В.Буланов-Топорков жетекшілігімен: оқу құралы. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2002. – 544 б.
4. Панфилова А.П. Игровое моделирование в деятельности педагога. Мәскеу: «Академия» баспа орталығы, 3-ші баспа, 2008 ж. – 368 б.
5. Анисимов В.В., Грохольская О.Г., Никандров Н.Д. Общие основы педагогики. – М.: Просвещение, 2006.
6. Пугачев В.П. Тесты, деловые игры, тренинги в управлении персоналом: ЖОО студенттеріне арналған оқулық. – М.: Аспект Пресс, М., 2001. – 285 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТІЛ ҮЙРЕНУШІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ӘРЕКЕТТЕРІ

Кенжебекова Ж.А., г.ғ.м., аға оқытушы; Аметова А.Ж., г.ғ.м., аға оқытушы;
 Балапанова Қ.Ж., г.ғ.м., аға оқытушы; Абдуова Н.М., г.ғ.м., оқытушы
 Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
 Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Тілді оқытудағы жаңа бағыттар студенттің уақытты үнемдеп, өз бетімен жұмыс істеуін, алған білімін жетілдіріп, тілді меңгерген өз деңгейін көрсетуді талап етеді. Сабақ үрдісінде оқытушы материалдарды тақырыпқа сай, студенттердің қызығушылығы мен ойлау қабілетін арттыру, сөйлеу, ойын еркін жеткізу деңгейіне көтеру, яғни коммуникативтік қабілеттеріне сай пайдаланады.

Жаңа технологияны меңгерген оқытушы білім беру арқылы жеке тұлғаның бойында интеллектуалдылық, адамгершілік, рухани қасиеттерді қалыптастыра алады. Сабақ барысында сөйлеу әрекетінің түрлерін тақырыпқа байланысты таңдап алып, студенттердің кәсіби шеберлігін танымдығын дамытамыз. Тіл үйренудің мақсаты – студенттерді күнделікті қарым-қатынас түрлеріне еркін араласып, өз мамандығы бойынша тілдік қарым-қатынас орната білу. Мамандық саласына қарай жиі кездесетін лексиканы, ғылыми терминдерді, күрделі синтаксистік құрылымдарды қолдану сөйлеу әрекетіне негіз болады.

Оқытушы мемлекеттік тілді оқытуда әр сабақта жаңа технологиялық әдістерді түрлендіріп, сөйлеу әрекеттерін тіл үйреушінің қабылдауы арқылы нәтиже беретін тиімді жолдарын пайдалануы қажет. Сапалы білім нәтижесі әр оқытушының шығармашылық ізденісін, әдістемелік тәжірибесін көрсетеді.

Кредиттік технология жүйесінде тілді оқыту ағымдық бақылау – сөйлеу әрекетінің түрлері (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылымға) бағытталады. Осы тұрғыда сөйлеу әрекетін қалыптатыру үшін мына үлгілерді ұсынамыз:

1. Айтылым

Сұхбат – тілдік қарым-қатынас орнатуда студенттердің ой-өрісін дамыту үшін, тіл мәдениетін қалыптастыруда көмекші құрал.

- өзін, жанындағы адамды ортамен таныстыру;
- екеуара сөйлесу;
- қысқа сұхбаттарға (сәлемдесу, танысу, кездесу) қатысу, ой бөлісу, әңгімелесу;

2. Тыңдалым

Тыңдаушының берілген ақпараттың мазмұнын түсініп, қабылдауы.

- Сұраққа дұрыс жауап беру;
- Ақпараттың (сұхбат, хабарлама, радио, теледидардағы жарнама, ақпараттық хабарландыру)

дұрыс немесе жалған екенін анықтау;

- Үзіліп қалған ақпаратты (мәтінді) толықтыру;
- Сөз және сөз тіркестері бойынша мәтінің тақырыптарын анықтау;
- Тірек сөздер арқылы ұнтаспадан тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну;

3. Монолог

Ойлау стратегиясы бойынша жүргізілген жұмыс түрі, студенттің ішкі ойын тыңдаушыларға жеткізуі.

- өзін, досын, туған жерін, оқу орнын белгілі бір заттарды суреттеу;
- өз ойын тақырып төңірегінде жеткізу;
- тақырып негізінде нақты фактілерді баяндау;
- ұсынылған мәтінді баяндау, көргенін, естігенін, оқығанын өз сөзімен жеткізу;
- сөйлеу нәтижесінде жаңа сөздерді, сөз тіркестерін қолдану;

4. Оқылым

Оқу арқылы сауаттылыққа дағдыландыру.

- Мәтінді таныса оқу;
- Мерзімді басылымдардан, жарнамалардан жаңалықтардан ақпарат алу;
- Хаттар мен факстің қарапайым түрлерін ұсыну;
- Қоғамдық орындарда жазбалар мен көрсетулерді түсіну;

5. Жазылым

Алдындағы сөйлеу әрекеттерін жазба түрінде жетілдіру

- өзі, отбасы, оқу орны, қоршаған орта туралы сөз тіркесі сөйлемдер, мәтін құрастыра білу;
- мәтінге байланысты хабарлама, аннотация, мазмұндама, шығарма жазу;
- әртүрлі грамматикалық жаттығулар, бақылау түрлерін орындау;

Күнделікті сабақ үрдісінде ағымдық бақылау, сөйлеу әрекеттерін қодану арқылы студенттердің ойлау қабілетін жатық сөйлеуін, қосымша ақпараттарды қабылдауын жетілдіру үшін өздік жұмыс түрлерін пайдаланамыз. Студенттердің оқытушылармен өздік жұмысы барысында өткен материалдар қамтылады және берілген тапсырмалар күрделі түрде ұйымдастырылады.

Студенттердің оқытушылармен өздік жұмысы барысында берілетін сөйлеу әрекетінің үлгілері:

Айтылым

Әртүрлі сұхбаттарға (шақыру, шақыруды қабылдау, кешірім сұрау, өтіну, алғыс білдіру)

Өз пікірлерін ортаға салу

Тақырып аясында материалды презентациялау

Монолог

Жоба көрсету

Хабарлама жасау

Глоссарий тапсыру

Өткен тақырып бойынша қысқаша баяндау

Тыңдалым

Тақырып төңірегінде жаңа сұрақтарға жауап беру

Жаңа материалдармен таныстыру

Баспасөз материалдары арқылы өз ойын жеткізу

Оқылым

Күнделікті өмірдегі жағдайларды таныса оқу, керекті материалдарды пайдалану

Жеке фактілер мен оқиғаларды бөліп көрсету

Жеңіл көркем әдебиеттерді баспа, ғылыми мақалаларды түсініп оқу

Оқиға, көркем әдебиеттегі кейіпкерлерді сипаттау, суреттеу, өзекті сұрақтарды талқылау, жеке көзқарасын білдіру

Сөздердің мағынасын ажырата білу

Жазылым

Шағын әңгіме жаза білу

Грамматикалық жаттығулар мен бақылау түрлерін жүргізу

Келесі кезектегі аралық бақылау студенттердің оқытушылармен өздік жұмыстарының (СОӨЖ) қорытындыларын жинақтау үшін жүргізіледі. Бақылау жұмысы, тест арқылы жүргізіледі. Мақсатымыз студенттердің алған білім деңгейін тексеру. Бақылау жұмысы студенттің үздіксіз еңбек етуіне, білімін бақылауға бағытталады.

Қазіргі жаңа технологияның деңгейі тест жүйесін қолданудың оқу сапасын жақсартуда нәтиже беретінін ғалым әдіскерлер тәжірибе жүзінде дәлелдеп отыр.

Тест дегеніміз – тәжірибе жүргізу және тексеру. Тесттің міндеті мен түрлері бақылау нәтижелерін жылдам көрсетуге және бір мезгілде бірнеше топпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Тест материалдарын құрастырушы қажетті талаптарды ескеру керек:

1. Тест тапсырмалары үйренушіге таныс. Оқу бағдарламасында берілген мәселелерді қамтуы тиіс.

2. Әрбір тесттің мақсаты болу керек. Тапсырма түрлері сол мақсатқа сай құрылады.

3. Тест бірнеше және әртүрлі тапсырмалардан тұрады.
4. Тест тапсырмаларында студент ойланатын қиындық, жағдаят тапсырмалар болу қажет.
5. Тапсырмаларда күмән тудыратын сұрақтар, екі жауап болмау керек.
6. Тест тапсырмалары айқын және қысқа түрде берілгені дұрыс.
7. Тест тапсырмалары қарапайым түрден күрделеніп отырады.
8. Тест сұрақтарын бағалауда, қорытындылауда жауапкершілік болу қажет.

Мысалы:

1. Үй тапсырмасын орындау үшін керекті оқулықтарды, кітапты қайдан алуға болады?
 - A) мұрағаттан
 - B) оқырман залынан
 - C) мерзімді баспасөз залынан
 - D) абонент залынан
 - E) қордан
2. «Кітапхана» тақырыбына жатпайтын сөзді көрсетіңіз:
 - A) оқырман
 - B) кітапханашы
 - C) оқу залы
 - D) оқырман билеті
 - E) пәтердің кілті
3. Грамматикалық тапсырма ретінде. «Әдемі» сөзіне жіктік жалғауын жалғаныз.
 - A) -сын
 - B) -мін
 - C) -нің
 - D) -сыңдар
 - E) -мын
4. Антонимді көрсетіңіз:
 - A) Өмірде жақсыны да, жайсаңды да көресің.
 - B) Сұлудың бәрі әдемі емес.
 - C) Алдыңда заңғар, биік ғимарат тұр.
 - D) Ананың алақаны қатты тисе де, жұмсақ болады.
 - E) Білімді студент жан-жақты болуға тырысады.
5. Студенттің орыс тілінен қазақ тіліне аудару деңгейін тексеру үшін тапсырманы орыс тілінде беруге болады: Пусть она идет в поликлинику.
 - A) Ол емханаға бару керек.
 - B) Ол емханаға бармасын.
 - C) Ол емханаға барады.
 - D) Ол емханаға барсын.
 - E) Ол емханаға барған.
6. Студенттің жан-жақты білімін тексеру үшін ұлттық ойындардың, салт-дәстүрдің тәрбиелік мәні бар. Алғаш қадам басқан сәбидің тұсауын кесу үшін қандай жіптің түрлері қолданылады?
 - A) сары және көк
 - B) қызыл және сары
 - C) ақ және кара
 - D) ақ және қоңыр
 - E) жасыл және ақ
7. Студенттің грамматикалық білім деңгейін бақылау үшін сөз таптары арқылы тапсырма беруге болады: Біреу сөзі қай сөйлемде сан есім ретінде қолданылып тұр?
 - A) Маржан біреумен танысыпты.
 - B) Бұл қуанышты біреуден естідім.
 - C) Мендегі екі қарындаштың біреуі – қызыл, екіншісі – көк.
 - D) Біреу есік қақты.
 - E) Сізге біреу келіп кетті.

Тест түрлері стандартты және стандартты емес деп бөлінеді. Стандартталған тест түрлерін арнайы ұйымдар мен мекемелерде әдіскер, психолог, текстолог, бағдарламашылардың жұмысшы тобы дайындайды. Тест сынақтан өтеді. Ал стандартты емес тест түрлерін сабақ беруші кез-келген оқытушы жасай алады. Оқытушының сабақ үрдісінде жасайтын тест тапсырмалары оқу бағдарламаларына сай құрылады. Тест арқылы үйренуші білуге тиісті материалдың меңгерілуі мен

сөйлеу әрекеті бойынша дағды түрлерінің қалыптасу деңгейі бақыланады. Оның мақсаты – үйренушінің (білім алушының) білімін бақылау. Үйренушінің екінші тілді меңгеруін бақылайтын тест түрлері: сөйлеу әрекетінің түрлерін – оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылымды қамтуы тиіс. Сөйлеу әрекеттері нәтижесінде түйгеніміз тілді үйренушінің білім деңгейі ең алдымен белгілі бір нәрсені түсінуден басталады. Содан кейін қолдану, анализ жасауға бағыттайды. Осының нәтижесінде студенттің білімді меңгеру сатысы шығармашылық сатыға көтерілуіне сенімді боламыз. Өз бетімен жұмыс істеуге әрбір студент қызығушылықпен қарайды. Себебі оқытушы берген бағыт білімді саналы оймен меңгеруді, дәлелдеуді, тұжырымдай білуді қалыптастырады.

Сөйлесім әрекетін іске асыруда лексиканы меңгерту өте тиімді. Тек жүйелі жүргізілген жұмыстар нәтижесінде үйренуші сөз, термин, терминдер мағынасын түсініп, өз ойын еркін жеткізуге, тілдік қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік алады.

Оқыту үрдісінде өздік жұмыстардың мазмұны студенттердің өзіндік ерекшеліктеріне, осы уақытқа дейін алған біліміне, қарапайым мен күрделі болу талаптарына сәйкес болу шарт. Қызықты жүргізілген сабақ нәтижесінде, білім деңгейін арттыру мақсатында оқытушы өз мақсатына жете алады (студенттердің бір-бірімен білім алмасуы, тақырыпты пысықтауы, өзара білімдерін тексеру, жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін арттыру). Тәжірибе көрсеткендей, тестпен жұмыс есте сақтау қабілетін дамытуда, өз бетінше шешім қабылдауда оңтайлы нәтиже беріп отыр. Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуде сөйлесім әрекеттері үйренушінің сөздік қорын, сөйлеу дағдыларын күнделікті тілдік қарым-қатынаста қолдануда жан-жақты маңызды екенін көруге болады.

Тілді үйрету – жеке оқытушының ғана емес, жалпыға ортақ қоғамдағы күрделі мәселе. Осы ретте М.Жұмабаев «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді» деген. Сондықтан ұлттық құндылықтарымыздың бірі тілді қастерлеп сақтау және үйрете білу - мұғалімнің асыл парызы. Қазір қазақ тілінің жетістігі өзге халықтардың тіліндей бүкіл адамзатқа ортақ, таным мен тағылымы бар асыл мұралардың бірі болып отыр. Ендеше тілді дамыту дегеніміз - ұлтты сыйлау, тілді қадірлеу, елді тану болмақ.

Қазақстан егеменді ел болып, тәуелсіздік алғаннан кейін тіл мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілді. Мемлекеттік тіл – тілі басқа ұлт өкілдерін өзара түсіністік жағдайда қалыптастыратын, сол елдің мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін жетік меңгеруге бағытталған құрал.

Әдебиеттер:

1. Құрманова Н. Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. – Астана, 2007.
2. М.Қ.Мамаева, М.С.Жолшаева, М.С.Жылқыбаева. Тіл-құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралы. – Астана, 2011.
3. Қазақ тілі: әдістеме. 2012, №1
4. Казахский язык и литература в русской школе, 2012, №3

STUDENT'S SELF-GOVERNMENT IN HIGH SCHOOL: THE EXPERIENCE OF THE ORGANIZATION

Kentbek S. K., Pro-rector for Educational and Social Affairs;
Garkusha K.G., Director of Students Palace;
Kitibayeva A. K., Senior teacher of English language and linguodidactics chair
Buketov Karaganda State University
Karaganda, the Republic of Kazakhstan

The article deals with bases of student council as forms of social partnership at university at the example of Buketov Karaganda State University. The purpose, objectives, principles, functions, forms of student council in higher education institution are defined.

Key words: student's self-government, educational environment of university, educational work, extracurricular activities, bodies of student's self-government

Today, in the conditions of social modernization, the forced innovative development of all spheres of social life, the special attention is paid to problems of education and professional training of competent, the competitive, socially active, ambitious young people, motivated on manifestation of the personal potential in improvement of quality the life and life of the fellow citizens ready to direct personal participation in political, economic and cultural life of the country. As emphasized in the Concept of the state youth policy of